

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

АКАДЕМИК СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Мақтагүл ОРАЗБЕК, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Астана, Қазақстан

В статье глубоко и всесторонне анализируются трудов академика С.Каскабасова.

In the article thoroughly and comprehensively analyzes the works of academician S.Kaskabasova.

Сейіт Қасқабасов – Қазақстанның аса көрнекті ғалым-филологтарының бірі. Ғалымның негізгі бағыты фольклористика саласы болғанымен, фольклористиканың шеңберінен асып кеткені баршаға мәлім. Ғылыми зерттеулерінің аясы өте ауқымды, әрі кең. Атап айтқанда: әдебиеттану және өнертану, тарих және этнология, тіл білімі және мәдениеттану. Оның ізденістері географиялық жағынан сан түрлі: мұнда Африка, Азия мен Америка, Австралия да бар. Зерттеу нысаны да жан-жақты, әр алуан: алғашқы қауымдағы мифтер мен дамыған мифология, ежелгі Египет, көне Үнді, Месопатамия, Эллада, көне Рим және Скандинавия, сондай-ақ Еуропаның ортағасырлық мәдени ескерткіштері. Салыстырмалы-тарихи және типологиялық зерттеулер барысында осындай аса маңызды, көлемді материалдарды кеңінен қолданды.

Сейіт Қасқабасовтың бұл зерттеулерінің нәтижесінде қазақ фольклорының жалпы адамзаттық сипат белгісі мен ұлттық ерекшеліктері айқындалып, қазақ фольклоры мен әдебиетінің қазіргі бүкіләлемдік өркениетке өзіндік үлес қосқаны және әлемдік әдебиеттің бір бөлшегі екені анықталды.

Сейіт Қасқабасовтың еліміздің ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан зор үлесі болып саналатын ғылыми еңбектерін бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады: 1. Фольклортану, 2. Әдебиеттану, 3. Өнертану, 4. Ғылым тарихы т.б.

I. Фольклортану саласында

1. Қазақ фольклорының құрамында ертегіден басқа, жеке бір топ құрайтын жанрлар бар екенін ашты. Ол топқа «аңыздық проза» деген атау берді. Оны іштей жіктеді, сөйтіп ұлттық фольклорымызда миф, хикая, эпсана, хикаят, аңыз деген түрлері барын анықтады. Олардың бәріне ортақ белгілерін сипаттады және әрқайсысының өзіне тән қасиеттерін айқындады.

Бүкіл аңыздық прозаның тарихи даму процесін зерттеді. Оның әр заманға сәйкес өзгере отырып, қарапайым түрден көркем формаға жеткен жолын көрсетті.

2. Қазақта да миф пен мифология бар екенін тұңғыш рет айғақтады. Миф көне заманғы фольклорға жататынын, сол шақтағы фольклордың танымдық түрі екенін дәйектеді. Қазақ мифінің өзіндік табиғатын ашты.

Қазақтың өз мифологиясы бар екенін дәлелдеді. Оны әлемдік мифология аясында қарастырып, оның жалпы типологиялық та, өзіндік те қасиеттерін талдап зерделеді.

3. Қазақ ертігілерін жанрлық жағынан екі түрмен байытты. Бұрын ертегілерді қиял-ғажайып, жануарлар туралы, тұрмыс-салт деп үш түрге

бөлетінбіз. Енді оған новеллалық (ғибраттық) және сатиралық (сықақ) деген екі түр қосылды. Бес түрден тұратын ертегілер тобын «Ертегілік проза» деп атап, бүкіл қара сөзбен айтылатын фольклорға «Халық прозасы» деген атау берді. Оны түгел бір жүйеде қарап, аңыздық проза мен ертегілік прозаның ортақ қасиеттерін, әрі әрқайсысының өз ерекшеліктерін айқындады. Осы екі түрдің көркемдікке жеткен эволюциясын көрсетті.

4. Алғашқы болып қазақ ертегілерінің өмір шындығына қатысын зерттеді. Ертегілерде өте ескі замандағы рулық қоғамның алуан түрлі салттары мен әдет-ғұрыптары, діни нанымдары мен ұғым-түсініктерінің сарқыншақ түрінде сақталып, көркемделген формада жеткенін нақты мысалдармен дәлелдеді. Олардың бізге жеткен ертегілерде көркемдік-бейнелеуіш құралға, тәсілге айналғанын көрсетті. Мұндай заңдылық эпосқа да тән екенін тиянақтады.

5. Ұлттық фольклортануда алғаш рет «Қазақ фольклорының тарихы» арнайы кітапты жоспарлап, жүйелеп, редакциясын басқарып, жарыққа шығарды. Фольклордың тарихын үлкен 3 дәуірге бөліп, «Ежелгі замандағы рухани мәдениет», «Орта ғасырлардағы фольклор», «Жаңа дәуірдегі фольклор» деп саралады. Әр дәуірде фольклордың қай жанрлары пайда болғанын, олардың қалай өзгергенін, немесе ғайып болғанын, сондай-ақ қаншалықты көркемделгенін анықтап, зерттеуге мұрындық болды, әрі өзі негізгі тарауларын жазды. Сөйтіп, біздің дәуірімізге жеткен бүгінгі фольклордың ұзақ тарихи жолдан өткенін, үздіксіз дамып отырғанын, ежелгі қарабайырлықтан, синкреттіліктен арылып, көркем руханиятқа айналған эволюциясын көрсетті. Бұл – мүлде жана концепция еді. Жалпы, бұл – қазақ фольклортану ғылымының ең биік жетістігі болды. Зерттеуде көптеген жана жанрлар қарастырылды. Мәселен, халық прозасынан басқа арнайы «магиялық фольклор» деген тарауша бөлініп, онда «алғыс», «бата», «қарғыс», «ант» деген жанрлар жекелеп қаралды, сипатталды, оларға анықтама берілді. Сондай-ақ көптеген жаңа ұғымдар, терминдер жасалды.

6. Тұңғыш рет ұлттық фольклор теориясының негізгі проблемаларын қарастырды. Фольклордың статусы мен теориялық негіздерін айқындады. Фольклордың негізгі үш сипатын анықтады. а) фольклор – синкретті, көп функциялы руханият; ә) фольклор – ежелгі мәдениет, әрі мұра; б) фольклор – сөз өнері.

7. Фольклордың поэтикасын талдап, ондағы тұтастану заңдылығын дәйектеді. Тұтастанудың 5 түрін белгіледі: сюжеттік, ғұмырнамалық, шежірелік, тарихи және географиялық. Бұрын үшеу деп есептелетін.

8. Қазақ эпосында бұрыннан белгілі батырлық, ғашықтық, тарихи, көне эпос түрлеріне тағы 2 түр қосты. Бірі – балладалық жыр, екіншісі – дастан. Дастанның өзі ішкі жанрларға бөлінетіні анықталды. Олардың ерекшеліктері сипатталды. Дастан – әдебиеттің емес, фольклордың жанры екенін дәйектеді.

9. «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» және «Қыз Жібек» жырларын жана тұрғыда талдады. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, жалпы образын сол заманғы ұлттық сана-сезім мен салт-дәстүрлер негізінде қарастырды. Сөйтіп, Жібек пен Сансызбайдың қосылуын бұрынғыдан басқаша тәпсірледі, сондай-ақ Қодар мен

Бекежанның неге ұнамсыз боп көрінетінін де өзгеше тұрғыдан ұғындырды. Бұл екі эпосты қазақ және орыс тілдерінде Москвада «Эпос народов Евразии» сериясы аясында үлкен ғылыми зерттеумен, түсініктермен жарыққа шығарды.

10. Фольклордың жалпы руханиятпен байланысын, ара-қатынасын ашты. Атап айтқанда: фольклор және әдебиет, фольклор және музыка, фольклор және театр, фольклор және кино, фольклор және бейнелеу өнері деген аспектілер бойынша зерттеулер жүргізді. Фольклордың – қазіргі рухани мәдениеттің қайнар көзі, әрі бөлшегі екенін танытты.

11. «Бабалар сөзі» атты 100 томдық фольклор жинағына басшылық етіп, жарыққа шығарды. Оның 9 томына кіріспе мақала жазды, жекелеген томдарды құрастыруға, түсініктерін жазуға қатысты. Бұл 100 томдық Германияда Дүниежүзілік кітап көрмесінде өте жоғары бағаланды.

12. «Мировая фольклористика» деген 3 томдық ғылыми жинаққа басшылық етті, құрастырушының бірі болды. Жинаққа әлемге әйгілі шет ел ғалымдарының таңдаулы еңбектері енді.

II. Әдебиеттану саласында

1. 10 томнан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихын» жобалап, концепциясын жасады, құрылымын жоспарлап, дәуірлері мен кезеңдерін анықтап, жазылуына басшылық етті. 1-ші томның жалпы редакциясын басқарды. Концептуалды әрі теориялық тарауларын жазды. Сол сияқты 3-ші томның да редакциясын басқарып, бағдарлы мақалаларын жазды. Бұл еңбектің басты нәтижесі – қазақ сөз өнерінің үш түрі бар екенін дәлелдеді. Олар: фольклор, авторлық ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті, бұлар ерте заманнан бері бірге өмір сүріп, бірге дамып, біздің дәуірімізге жеткенін көрсетті. Осымен «қазақ әдебиеті – младописьменная литература» деген тұжырымды жоққа шығарды. Бүгінгі әдебиетіміздің, фольклорлық кезеңін қоспағанда, екі жарым-үш мың жылдық тарихы бар екенін дәлелдеді. Осынау ұзақ тарихтың әр кезеңінде қандай әдеби шығарма туды, ол қай жанрға жатады, оның өзіндігі неде? - деген секілді проблемалар дәйекті түрде шешімін тапты. Алаш арыстарының шығармашылығы жан-жақты талданып, әдебиет тарихындағы лайықты орны мен рөлі сарапталды.

2. Академик С.Қасқабасов әдебиет тарихын бүгінгі күн талабымен зерделеп, бірнеше еңбек жазды. «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» атты зерттеуі жаңашылдығымен ерекшеленді. ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда жасаған жыраулардың шығармашылық табиғатын өзгеше тұрғыдан ашты, яғни соны тұжырым жасады. Атап айтқанда: Қазақ хандығы сияқты көшпелі-бақташылық мемлекетте міндетті түрде жыраулық институты болатын заңдылығын Түркі қағанаты мен Шыңғыс хан мемлекеттерінің мысалына сүйене отырып анықтады. Жыраулардың саяси-мемлекеттік, рухани миссияларын тиянақтады. Жыраулар – ең алдымен мемлекеттің идеологы, ханның ақылшысы, сонымен қатар әміршіге оппозицияда да бола алатын қайраткер болғанын, ұрыста қол басқаратын батыр, жауынгерлерді рухтандыратын ақын ретінде, ел қиналғанда ақыл айтып, алдағыны болжайтын дана абыз екенін көрсеткен аса ірі тұлғалар деген қорытынды жасады.

3. XIX ғасырдағы әдебиет жайын Махамбет пен Абай шығармашылығы арқылы қарастырды. Махамбет поэзиясын жаңаша талдап, ақынның шығармашылық жолын кезең-кезеңге бөліп тәпсірледі: Жәңгір хан ордасына келгенге дейін өлеңдері, Ордада жүрген кезде туған өлеңдер, хан ордасынан кеткен тұста шыққан дүниелер, көтеріліс тұсындағы туындылар, көтеріліс жеңілгеннен кейінгі уақытта туған шығармалар. Әр кезеңді сипаттап, сол шақта пайда болған шығармаларды нақты атап, болған жәйттермен байланыстыра қарастырды.

4. Абай шығармашылығына бірнеше еңбек арнады. Әр аспектіден жазылған бұл еңбектерде бұрын айтылмаған пікірлер мен тұжырымдар көп. Мәселен, мынадай жаңалықтарды айтуға болады:

а) Абай шығармашылығындағы фольклордың рөлі – Абай өз өлеңдерінде қазақтың төл сюжеттерін пайдаланады, ал поэмаларында Шығыс халықтарының сюжеттеріне жүгінеді;

ә) «Ескендір» поэмасының сюжеті көне заманның ескерткіші Талмудта бар екенін анықтап, оның Абайға қалай келген жолын айқындады;

б) Абай – Ренесанстық тұлға, оның поэзиясы ренесанстық сипатқа ие;

в) Абай поэзиясының төрт ерекшелігі бар: жаңашылдық, шыншылдық, сыншылдық және сыршылдық;

г) Абай – қазақ этногенезін және мақал-мәтелдерін зерттеуші;

д) Абай – қазақ әдебиетіне баллада жанрын енгізген («Асқа, тойға баратұғын», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында»).

5. Москвада «Классика литератур СНГ» деген серия бойынша «Льется песня под домбру» және «Небосвод над моей головой» деген атпен 2010 жылы жарыққа шыққан екі томға басшылық етіп, көлемді екі зерттеу мақалалар жазды. Ол мақалаларда қазақ әдебиетінің көне түркі заманнан бастап XX ғасырға дейінгі өткен жолы тәуелсіздік тұрғысынан бағаланып, ғылыми шолу жасады, аса ірі ақын-жазушылардың шығармаларын жаңаша талдады. 2,5 мың жылғы әдебиет тарихы – біртұтас көркемдік жүйе екенін көрсетті, әдебиет үзілмей, жалғастықпен дамығанын паш етті.

6. Ғалым С.Қасқабасов Жамбылтануға да өз үлесін қосты. Жамбыл туралы жаңа көзқараспен, тәуелсіздік тұрғысынан бірнеше мақала жазды. Оның шығармашылығын жыраулық дәстүрмен сабақтастыра зерделеп, Жамбыл – әрі жырышы, әрі ақын, әрі жырау деп дәлелдеді. Оның XIX ғасырда шығарған дүниелері мен XX ғасырдағы поэзиясын салыстыра қарап, Жамбыл – бұрынғы классик жырау деңгейіне көтерілгенін көрсетті. Оны «XX ғасырдың ұлы жырауы»-деп атады. Жамбылдың таңдамалы шығармаларын орыс тілінде 1 том етіп жарыққа шығарды. Томды құрастырып, кіріспе-мақаласын және түсініктерін жазды.

7. Жазба әдебиет мәселелері бойынша да бірқатар жұмыс атқарды. Москвада шыққан томдарда көне түркі жазбалары мен орта ғасырлардағы Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Югнекидің әдеби мұрасын орысша жазып, жеке шығармаларын талдады. Әдеби дәстүрді жаңғыртушы, жаңа жазба әдебиетін жасаушы деп Абай Құнанбаевтан бастап,

Ыбырай Алтынсарин, Шәңгерей Бөкейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нарманбет Орманбетұлы сияқты көп жылғы «қамаудан» шыққан қаламгерлер туындыларын сипаттап, орыс тілді оқырманға таныстырды.

8. Жазба әдебиет үлгілерінің 20 том құрайтын «Әдеби жәдігерлер» атты топтамасын жобалап, жарыққа шығуын қамтамасыз етті. Аталмыш топтамаға ежелгі түркі дәуіріне дейінгі әдеби сюжеттер, тасқа қашалған көне түркілік мәтіндер, сондай-ақ XI-XIX ғасырларда дүниеге келген, бірақ қалың жұртқа танылмаған әдеби шығармалар енді. Атап айтқанда, Баласағұн, Қашқари, Яссауи, Югнеки, Бақырғани, Рабғузи, Бабыр, Жалаири, Хайдар Дулати, Әбілғазы Баһадүр, Халид Құрбанғали сияқты аса көрнекті қайраткерлердің туындылары жинақталып, бір сериямен шығып, көпшілікке ұсынылды.

9. XX ғасыр мен қазіргі кездегі әдебиет пен әдебиеттану проблемалары туралы жазып, тың ойлар айтты. Әсіресе, бүгінгі әдеби үдерістің барысы жайында, постмодернизм ағымы жөнінде алғашқылардың бірі болып, пікір білдірді. Постмодернистік әдебиет, негізінде, постиндустриалдық елдерде болатынын дәлелдеді. Постиндустриалдық елдегі постмодернистік ағымның етек алуын ол елдерде индустрияның қатты дамып, руханият ішінде әдебиет пен өнер өзінің түп негізінен, халықтық мұрадан, әсіресе, фольклордан қол үзгендігінен деп тұжырым жасады.

10. Бүгінгі әдебиет өкілдері туралы және тәуелсіздік жылдары қалыптасқан әдеби өмір жайында жазып, капиталистік қоғам құрып жатқан қазіргі қоғамда әдебиет пен өнердің міндеті өзгергенін, енді әдебиет пен өнерге «шығарма түсінікті болуы тиіс» деген қағидаға қоса «әдебиет пен өнерді түсіне білу керек» деген шарт пен талап алға шығуы керек деген жаңа идеяны ұсынды. Нарықтық қоғамда әдебиет пен өнер өкілдері өздерінің туындыларын кімге, қандай оқырманға, көрерменге арнап жазатынын жақсы білуге тиіс. Себебі нарықтық қоғамда әртүрлі әлеуметтік топ болады, олардың өз талғамы, өз талабы және болады. Міне, ақын-жазушылар да, драматургтер мен режиссерлер де өз аудиториясының нені талап ететінін білгені жөн. Кедей топ пен олигархтардың өмірге көзқарасы, мәдениетке деген қатынасы әр басқа, олардың талап-талғамдары да бір-бірінен тым алшақ. Сондықтан нарық заманында әдебиет пен өнер әр әлеуметтік топтың сұранысын біліп отыруы, соларға қажетті дүниелер шығаруы қажет деген қортынды шығарды. Бұл ойлар - әдебиет теориясы үшін де, әдебиет пен өнердің перспективасы үшін де актуальді, әрі жаңалық болды.

11. Тәуелсіздік алғаннан кейін әдебиетте тарихи тақырып алға шықты. Оның басты себебі - елге өзінің тарихын таныту, тарихи жадымызды ояту, рухымызды көтеру болды. Бұл тарихи шығармаларда фольклордың, әсіресе, мифологияның элементтері мен сарындары көп пайдаланылды. Осының себебін ашу мақсатында фольклор мен әдебиеттің ара-қатынасы, байланысы туралы жазып, өзі жетекші болып, бұл проблемаға арналған ұжымдық монографияны жарыққа шығарды. Мұнда фольклор мен әдебиеттің байланысына және бүгінгі ара-қатынасына кең шолу жасалды. Автордың бірі ретінде зерттеуге қатысып, мынадай заңдылықты анықтады. Фольклор мен әдебиеттің байланысы төрт кезеңнен тұрады, яғни олардың ара-қатынасы төрт түрде болады және үнемі

жалғасып отырады. Бірінші кезеңі – генетикалық байланыс. Бұл шақта әдебиет фольклордан онша алшақ кетпейді, оның әсерінде, бесігінде болады. Екінші кезең – оппозициялық байланыс. Бұл уақытта әдебиет жекеленіп шығады да, аяғына тік тұрған соң фольклорға сын көзбен қарайды, оның белгілерінен қашады, тіпті менсінбейтін жағдайға жетеді. Үшінші кезең – үндестік байланыс. Байланыстың бұл түрі әдебиет қай жағынан болса да жетілген мезгілде көрініс береді. Ендігі уақытта фольклордан қашпай, оның сюжетін, поэтикасын, образдарын, жанрларын жетілдіре, өзгерте пайдаланады, яғни фольклорды басқа деңгейде, басқа мақсатта қолданады. Төртінші кезең – кері байланыс. Бұл жағдайда, әсіресе қазақ жағдайында, әдебиет әбден толысып, биік көркем дәрежеге жеткен соң оның әдеби образдары мен поэтикасы фольклорға әсер етеді, сөйтіп ел арасына тарайды, фольклорлық түрге енеді. Кері байланыстың өзіндік бір көрінісі ХХ ғасырда жасаған халық ақындарының шығармаларында айқын болды.

ІІІ. Өнертану саласында

1. Өнертану тұрғысынан фольклорды арнайы зерттеді. Қазіргі профессионалды өнеріміздің барлық түрінің төркіні – фольклор екенін дәлелдеді. Қазақта «фольклорлық театр» болғанын көрсетті. Оның үш түрін анықтады, жіктеді, сипаттады. Бірінші түрі – алуан түрлі халық ойындары мен ғұрып-салттарда кездесетін театрлық элементтер. Екінші түрі – әдейі сауық құру үшін ұйымдастырылатын ойындар мен іс-әрекеттер. Үшінші түрі – кәсіби театр өнерінің алғашқы бастамалары.

2. Фольклорлық трагедия жанры болғанын айтып, оның төмендегідей ішкі жанрларын талдап көрсетті: лиро-эпикалық және дастандық түрлер. Сонымен қатар фольклорлық театрда комедиялық түрлер де болғанын дәйектеді.

3. ХХ-ғасырда жазылып, сахнада қойылған бірнеше классикалық пьесаларды талдап, олардың түп негізі-фольклорлық сюжеттердің театрда қалай қойылғанын және неліктен өзгергенін, немен толыққанын зерттеді. Атап айтқанда, М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек»; Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш- Баян Сұлу», «Қыз Жібек» драмаларын фольклорлық түпнұсқамен салыстырып, әр автордың көркемдік-эстетикалық ұстанымын, қандай идеялық мақсат тұтқанын зерделеді, авторлардың енгізген жаңалықтарын айқындады.

4. Өнердің әр саласындағы фольклор сарындарын, олардың өткен ғасыр рухани өмірінде атқарған рөлін ашып көрсетті. Кино өнеріндегі, музыка саласындағы, сурет өнері мен театр сахнасындағы, драматургиядағы орны кең, әрі әлі күнге дейін маңызы зор екенін анықтады.

ІV. Басқа еңбектері

Жалпы жарық көрген еңбектерінің саны - 450-ге жуық, соның ішінде – 22 өзінің кітабы.

1. Мақалалары мен кітаптары ағылшын, корей, қытай, түрік және орыс тілдерінде жарияланды. Бір топ қазақ ертегілері мен «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек» жырларын орысшаға аударып, Москвада жарыққа шығарды.

2. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 151 томға жетекшілік етті, автор ретінде қатысты, бәрін жарыққа шығаруды жүзеге асырды.

3. Ғылым тарихы бойынша біршама зерттеу мен мақала жазды. Аса көрнекті ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектерін саралап, олардың ғылымға қосқан үлесін анықтап, насихаттады (Ш.Уәлиханов, В. Радлов, Ә.Бөкейханов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, Н.Смирнова, З.Ахметов, т.б.).

4. Шет елдерде және Қазақстанда көптеген Халықаралық және Республикалық конференцияға, симпозиумға қатысты, баяндама жасады.

5. Көптеген ғылыми зерттеулерге, академиялық мәтін жинақтарына жетекшілік етті, жекелеген ақын-жазушылардың шығармаларын жарыққа шығаруды қамтамасыз етті.

6. Ғылыми кадрларды дайындауға үлкен көңіл бөлді. 13 ғылым докторын және 26 ғылым кандидатын үлкен ғылыми-шығармашылық, еңбек жолына бағыттады. Шәкірттері көп жағдайда академик С.Қасқабасовтың өзі жазуға үлгермей, немесе тезис түрінде айтқан проблемаларды зерттеп, өз саласына айтарлықтай үлес қосты.

ҒЫЛЫМДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ ЕҢБЕК

Қайырбек КЕМЕНГЕР, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының қауым. профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

В статье исследуется теоретико-методологическая особенность, жанрово-типологическая характеристика, идейно-содержательная черта, структурная форма, новизна материалов рукописного учебника С.А.Каскабасова, Ж.А.Аймухамбета «Казахский фольклор». Отмечается историческая преемственность в национальной науке в подготовке учебных книг, особенно в области фольклористики. Выявляется современная роль данного учебника в трактовке фольклорного материала, истории казахской фольклористической школы. Делается вывод, что данный учебник по содержательному плану не находится в определенных заданных идеологических рамках. Также указывается, что он охватывает современные достижения в области фольклористики как отечественных специалистов, так и классические работы зарубежных ученых.

Ключевые слова: казахский фольклор, фольклористика, учебник, фольклорный материал, преемственность в науке, достижения ученых.

The article examines the theoretical and methodological features, genre-typological characteristics, structural form, ideological and meaningful feature of the novelty of a new manuscript of the textbook materials S.A.Kaskabasov, Zh.A.Aymuhambet "Kazakh folklore". There historical continuity in the national science in the preparation of textbooks, especially in folklore. Revealed modern role of the textbook in the interpretation of folklore, history of Kazakh folklore school. The conclusion is that the textbook on meaningful plan is not in the given ideological framework. Also Specifies the target that it covers the latest